# "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 795 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 94 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 18, 211 -құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында:

«2. Ағымдағы ахуалды және қызметтің тиісті салаларын (аяларын) дамыту үрдістерін талдау» деген бөлімде:

«2. Салықтық және кедендік жүйені жетілдіру» деген стратегиялық бағытта:

33-бөлік алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

«Кедендік әкімшілендіруді жақсарту үшін Комитет кеден қызметін дамыту жобасын жүзеге асыруда, ол Қазақстан Республикасының кеден қызметі жұмысының барлық салаларын қамтиды және Қазақстан Республикасы кеден қызметі жұмысының халықаралық стандарттарға сәйкестігін талдауды, халықаралық үздік тәжірибеге сәйкес жаңа әдістер мен технологияларды әзірлеуді және енгізуді, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жаңғыртуды және дамытуды, техникалық жарақтандыруды, сондай-ақ кеден органдарының лауазымды тұлғаларын оқытуды қамтиды.

Кеден қызметін дамыту жобасы Дүниежүзілік Кеден Ұйымының (ДКҰ) кедендік әлеуетті арттыру жөніндегі әдіснамасы мен құрылымы негізінде әзірленді.

Қазіргі уақытта консалтингтік келісімшарттарды іске асыру жүргізілуде, олардың нәтижесінде кеден органдары қызметінің негізгі бағыттарын және олардың бизнес-үдерістерін жетілдіру, түрлендіру және қайта құрылымдау жөнінде ұсыныстар әзірленеді.

Аталған консалтингтік келісімшарттардың нәтижелері бағдарламалық өнімдерді әзірлеу және кеден органдарының АКТ дамыту үшін әдістемелік негіз болып табылады, кеден органдары ақпараттық-коммуникациялық технологияларының (АКТ) бірыңғай архитектурасы құрылатын болады.

Көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру үшін қызметкерлерді жергілікті

жерлерде оқытуға байланысты мәселелерді шешу үшін тиісті бағдарламалық қамтымы және оқу материалдары бар ақпараттық технологиялар негізінде қашықтан оқыту жүйесі әзірленді. Білім беру инфрақұрылымының деңгейлері, сондай-ақ қажеттіліктері анықталды.

Көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тиімділігі мен сапасын арттыру мақсатында мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттары мен регламенттерін әзірлеу жұмысы жүргізілуде.

Бүгінгі күнге 11 мемлекеттік көрсетілетін қызмет Көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізіліміне енгізілді, 5-еуі бойынша регламенттер мен стандарттар әзірленуде. 2013 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізбесін 10 қызметке кеңейту жоспарланып отыр (жиыны: 21 мемлекеттік көрсетілетін қызмет).»;

«3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикатор, іс-шаралар мен нәтижелер көрсеткіштері» деген бөлімде:

«3.1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикатор, іс-шаралар мен нәтижелер көрсеткіштері» деген кіші бөлімде:

«1. Республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету» деген стратегиялық бағытта:

«1.1. «Бюджетті орындаудың сапасын, шығыстардың тиімділігі мен қаржылық тәртіпті арттыру, сондай-ақ мемлекеттік борышты қауіпсіз деңгейде ұстау» деген мақсат:

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Шығыстарды орташа республикалық мәннен төмен емес орындаған РББӘ үлес салмағы | «Бюджет үдерісінің мониторингі» АЖ | % | - | - | - | - | 60 | 60 | 60 |
| 10-15 % рұқсат етілетін шекті мәні бар республикалық бюджет кірістеріне үкіметтік және мемлекет кепілдік берген кіріске қызмет көрсету жөніндегі төлемдердің қатынасы | «Бюджет үдерісінің мониторингі» АЖ | % | - | - | - | - | 10-15 | 10-15 | 10-15 |

»;

«1.1.1. Республикалық бюджеттің атқарылуын қамтамасыз ету, Ұлттық қордың активтерін 2020 жылға ЖІӨ-нің кемінде 30 %-ы деңгейіне жеткізу» деген міндетте:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тәуекелді басқарудың автоматтандырылған жүйесі қолданылатын бақылау объектілерінің қамтылуы | «Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесінің есепті деректері | % | - | - | - | - | 100 | 100 | 100 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі қолданылатын бақылау объектілерінің қамтылуы | «Қаржылық бақылау. Тәуекелдерді басқару жүйесі» кіші жүйесінің есепті деректері | % | - | - | - | - | - | 100 | 100 |

»;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| РББӘ бюджеттік бағдарламаларының бюджеттік мониторингпен толық қамтылуы | «Бюджет үдерісінің мониторингі» АЖ | % | - | - | - | - | 100 | 100 | 100 |

»;

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар» мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бақылау объектілерінің бюджеттік заңнаманы және мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы сақтауын бақылау | х | х | х | х | х |
| Бұзушылықтарды жою бойынша кінәлі адамдардың жауапкершілігі туралы шаралар қолдану (әкімшілік, тәртіптік жауапкершілікке тарту, талап қою жұмысы, материалдарды құқық қорғау органдарына беру және т.б.) | х | х | х | х | х |
| Қазақстан Республикасы Қаржымині дебиторлық және кредиторлық берешегін мониторингтеу | - | х | х | х | х |
| Тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу | х | - | - | х | - |
| Бюджетті орындау процесін әдіснамалық қамтамасыз ету | х | х | х | х | х |
| Бюджеттің орындалуы туралы есептілікті уақтылы, сапалы және толық көлемде жинақтауды қамтамасыз ету | х | х | х | х | х |
| Орталық және жергілікті атқарушы органдар мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі қызметінің тиімділігін бағалау | х | х | х | х | х |
| Бюджеттің қажеттілігіне сәйкес бюджет тапшылығын қаржыландыруды қамтамасыз ету | х | х | х | х | х |
| Үкіметтік борышты мониторингтеу | х | х | х | х | х |
| Үкіметтік қарыздар бойынша сыйақы (мүдделерді) төлеу бойынша қарыз берушілердің алдындағы міндеттемелерді толық және уақтылы орындау | х | х | х | х | х |
| Үкіметтік және мемлекет кепілдік берген борыш тәуекелін бағалау | х | х | х | х | х |
| Үкіметтік борыштың қауіпсіз деңгейін қолдау кезінде кірістілік ауытқымасын құру үшін қор нарығында тиісті бағдар белгілеу үшін қажетті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығаратын МБК-нің жеткілікті көлемін қолдау | х | х | х | х | х |
| Мемлекеттік орган қабылдаған шешімдер туралы халықты хабардар етуді қамтамасыз ету | - | х | х | х | х |
| Қазақстан Республикасы Қаржымині веб-сайтында қаржы саласындағы қабылданған шаралар жөніндегі ақпаратты уақтылы жаңарту | - | х | х | х | х |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бюджеттік кредиттер бойынша міндеттемелерді орындау кезінде қаржылық тәртіпті арттыру жөнінде шаралар қабылдау | х | х | х | х | х |
| Бюджеттік кредиттерді өтеу мониторингі | х | х | х | х | х |
| Республикалық бюджеттің атқарылу мониторингі | х | х | х | х | х |
| Республикалық бюджет шығыстарының атқарылуын талдау | - | - | х | х | х |
| Электрондық шот-фактураларды қабылдау және өңдеу жөніндегі ақпараттық жүйені әзірлеу | - | - | х | - | - |
| Республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттерді іске асыру туралы ай сайынғы талдамалы есептерді қалыптастыру | - | - | х | х | х |
| Республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылы тоғыз айының қорытындысынан бастап, өңірлер нысаналы трансферттер есебінен іске асыратын бюджеттік бағдарламалардың күтілетін атқарылуын болжамдау | - | - | х | х | х |
| Республикалық бюджетті әзірлеу және нақтылау кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның есепке алуы үшін республикалық бюджеттің шығыстарын атқару, республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы ағымдағы трансферттерді, нысаналы даму трансферттерін және кредиттерді іске асыру мониторингінің нәтижелері туралы талдамалы есептердің нәтижелері жөнінде ұсыныстар қалыптастыру | - | - | х | х | х |
| Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен және шұғыл шығындарға арналған резервінен қаражат бөлу туралы мемлекеттік органдардың қолдаухаттарын қарау, Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының жобаларына қорытындылар даярлау | - | - | х | х | х |

»;

«1.2. «Мемлекеттік сатып алу процесінің тиімділігін арттыру» деген мақсатта:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемінде электрондық мемлекеттік сатып алу үлесін ұлғайту | Мемлекеттік сатып алу веб-порталы | % | 1,4 | 10 | 12 | 19 | 29 | 30 | 30 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Электронды мемлекеттік сатып алу жүйесінің жұмысына қанағаттанған пайдаланушылардың үлесі | Мемлекеттік сатып алу Веб-порталы | % | 60 | 70 | 75 | 85 | 85 | 90 | 95 |

»;

«Мемлекеттік сатып алу жүйесінің тиімділігі мен айқындылығын арттыру» деген 1.2.1-міндетте:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Электронды мемлекеттік сатып алу жүйесі жұмысымен қанағаттандырылған пайдаланушылар үлесі | Мемлекеттік сатып алу Веб-порталы ақпараттық жүйесінің есептілік деректері | % | 60 | 70 | 75 | 85 | 85 | 90 | 95 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мемлекеттік сатып алудың жалпы көлемінде электрондық мемлекеттік сатып алу үлесін ұлғайту | Мемлекеттік сатып алу Веб-порталы | % | 1,4 | 10 | 12 | 19 | 29 | 30 | 30 |

»;

«1.3. «е-Қаржымині» ықпалдастырылған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру» деген мақсатта:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 221 бұйрығымен бекітілген функциялардың жалпы көлемінен Қаржымининің автоматтандырылған функцияларының (бизнес-процестер) үлесі | Есепті деректер | % | - | - | - | 30 | 50 | 100 | - |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 221 бұйрығымен бекітілген функциялардың жалпы көлемінен Қаржымининің автоматтандырылған функцияларының (бизнес-процестер) үлесі | Есепті деректер | % | - | - | - | 30 | 60 | 100 | - |

»;

«1.3.1. Қаржы министрлігінің және оның құрылымдық бөлімшелерінің мемлекеттік функцияларды орындау және мемлекеттік қызмет көрсетуді ұсыну жөніндегі бизнес үдерістерін автоматтандыру» деген міндетте:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «е-Қаржымині» кіші жүйелерінің жұмысына қанағаттанған тіркелген пайдаланушылардың үлесі | Есепті деректер | % | - | - | - | 15 | 17 | 19 | - |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «е-Қаржымині» кіші жүйелерінің жұмысына қанағаттанған тіркелген пайдаланушылардың үлесі | Есепті деректер | % | - | - | - | 15 | 25 | 19 | - |

»;

«2. Салықтық және кедендік жүйелерді жетілдіру» деген стратегиялық бағытта:

«2.1. Салықтық әкімшілендіруді жақсарту» деген мақсат мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Өндіріп алуға үмітсіз бересіні ескермей шоғырландырылған бюджет кірістерінің жалпы көлеміндегі салықтық түсімдер бойынша бересінің үлесі (жалған кәсіпкерлік белгісі бар | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| салық төлеушілерді салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша) | ИСАЖ АЖ ( САЭБ) | % | - | - | - | - | 1,2 | 1 | 0,8 |
| Бизнес субъектілері және халық үшін қызмет көрсету процесінің сапасына қанағаттанған салық төлеушілердің үлесі | Тәуелсіз әлеуметтік сауалнама | % | - | - | - | - | 8 6<br>86 | 8 8<br>88 | 9 0<br>90 |

»;

«2.1.1. Салықтардың толық түсуін қамтамасыз ету» деген міндетте:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Өндіріп алуға үмітсіз толық төленбеген салықты ескерусіз біріктірілген бюджет кірістерінің жалпы көлеміндегі салықтық түсімдер бойынша толық төленбеген салықтардың үлесі (жалған кәсіпкерлі белгісі бар салық төлеушілерді салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша) | ИСАЖ АЖ (САЭБ) | % | 1,3 | 1,8 | 1,6 | 1,4 | 1,2 | 1 | 0,8 |

»

деген жол алынып тасталсын;

«2.1.2. Ұсынылатын салықтық қызмет көрсетулердің сапасын арттыру» деген міндетте:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мына:<br>- бизнес<br>- халық субъектілері үшін қызмет көрсету процесі сапасына қанағаттандырылған салық төлеушілердің үлесі | Тәуелсіз әлеуметтік сауалнама | % | 8 5<br>91 | 80,4<br>78,4 | 82,4<br>80,4 | 8 4<br>83 | 8 6<br>86 | 8 8<br>88 | 9 0<br>90 |

»

деген жол алынып тасталсын;

«Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шараларда»

мына:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Салық қызметтерінің жалпы санында электрондық және ішінара автоматтандырылған салық қызметтерінің үлесін кемінде 20 % деңгейде ұстап тұру | х | х | х | х | х |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Электронды есеп беру тәртібіне ауысу бойынша жұмыс жүргізу (салықтық есеп беру, халыққа түсіндіру жұмыстарын жүргізу және т.б. тәртіп бөлігінде салықтық заңнамаға өзгерістер енгізу) | х | х | х | х | х |

»;

«2.2. Кедендік әкімшілендіруді жақсарту» деген мақсат мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кедендік қызмет сапасына қанағаттанған сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың үлесі | «САНДЖ зерттеу орталығы» қоғамдық қорының деректері | % | - | - | - | - | 64 | 68 | 70 |

»;

«3. Банкроттық саласындағы реттеудің тиімділігін арттыру және дағдарыстан кейінгі бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды қалпына келтіру (сауықтыру)» деген стратегиялық бағытта:

«3.1. Банкроттық тетігін жетілдіру» деген мақсат мынадай мазмұндағы жолмен толтырылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Оңалту, банкроттық рәсімдерді өткізу барысында кредит берушілердің талаптарын өтеу коэффициенті (активтері болмаған борышкерлерді ескермей) | Аумақтық бөлімшелер ұсынатын есеп деректері | % | - | - | - | - | 5,0 | 10,0 | 15,0 |

»;

«4. Республикалық мемлекеттік меншікті және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті басқару жүйесінің тиімділігін арттыру» деген стратегиялық бағытта:

«4.1. «Мемлекеттік меншікті және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті басқаруды жетілдіру» деген мақсатта:

мына:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Мониторинг объектілері мен электрондық аукциондардың олардың жалпы санының қабылданған ұсынымдарының үлес салмағы | Меншік объектілерінің тәуекелдерді басқару жүйесі | % | - | - | - | - | 23 | 54,3 | 55,6 |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Кәсіпорындардың жалпы санынан тәуекел аймағында орналасқан кәсіпорындардың үлесі ( экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті және мемлекеттік меншікті басқарудың тиімділігін арттыру) | Мемлекет қатысатын ұйымдардың қаржы шаруашылық қызметін талдау, өткізілген мониторингтің нәтижелері бойынша тәуелсіз консалтингтік фирмалардың есептері | % | - | - | 22 | 21,35 | 21 | 20 | 19,5 |

»;

«4.1.1 Республикалық мемлекеттік меншікті және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті басқару процестерінің тиімділігін қамтамасыз ету» деген міндет мынадай редакцияда жазылсын:

«4.1.1-міндет. Республикалық мемлекеттік меншікті және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншікті басқару процестерінің тиімділігін қамтамасыз ету:

«

| Тікелей нәтижелер көрсеткіштері | Ақпарат көзі | Өлшем бірлігі | Есепті кезең | | Жоспарлы кезең | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | 2009 жыл (есеп) | 2010 жыл (жоспар) | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| Мемлекеттік органдар және мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігі мониторингіленетін объектілер қабылдаған ұсынымдар пайызы | Мемлекет қатысатын ұйымдардың қаржы-шаруашылық қызметін талдау, өткізілген мониторингтің нәтижелері бойынша тәуелсіз консалтингтік фирмалардың есептері | % | - | - | - | 25 | 27 | 29 | 31 |
| Мемлекеттік органдар және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларында меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілер қабылдаған ұсынымдардың пайызы | Тексеруді жүзеге асыратын тәуелсіз консалтингтік фирмалардың есептері | % | - | - | 28 | 30 | 32 | 34 | 36 |
| Республикалық меншік объектілерін сату бойынша өткізілетін аукциондардың жалпы көлемінде электронды аукциондар үлесін ұлғайту | «АЕО» АҚ есепті деректері | % | - | - | - | - | 10 | 100 | 100 |
| «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген Мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізілген мүлікті есепке алу пайызы | Мемлекеттік мүлік тізілімі | % | - | - | - | - | 66,7 | 66,7 | 66,7 |

| Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін іс-шаралар | іске асыру мерзімі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2011 жыл | 2012 жыл | 2013 жыл | 2014 жыл | 2015 жыл |
| Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингі объектілерінің тізбесін жасау | х | х | х | х | х |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін жасау | x | x | x | x | x |
| Мемлекеттік мүлікті, оның ішінде мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігінің мониторингін өткізу | x | x | x | x | x |
| Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингін өткізу | x | x | x | x | x |
| Мониторинг объектілеріне мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекет қатысатын заңды тұлғалардың басқару тиімділігін арттыру жөніндегі ұсынымдар әзірлеу | x | x | x | x | x |
| Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншіктің мемлекеттік мониторингі объектілер қызметінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар әзірлеу | x | x | x | x | x |
| «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 және 2012 жылғы 4 желтоқсандағы № 1546 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын әзірлеу | - | - | - | x | x |
| Кешенді мониторинг объектілерін зерттеу және мемлекеттік меншік және экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларындағы меншік объектілерінің мониторингі нәтижелері туралы есептерді қалыптастыру және Электронды мониторинг деректер базасына енгізу | x | x | x | x | x |
| «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Мемлекеттік мүлік тізілімін құру | - | - | x | - | - |
| Мемлекеттік мүлік тізілімінің мемлекеттік органдардың «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген Тізілім объектілері жөніндегі қолданыстағы ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету | - | x | - | - | - |
| «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мемлекеттік мүлікті есепке алу объектілерін Мемлекеттік мүлік тізіліміне енгізу | - | x | - | - | - |
| Электрондық аукциондарда жекешелендіру объектілерін сатуды көздейтін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі қабылданғаннан кейін ММЖК 3 аумақтық бөлімшесінде (Астана қ., Алматы қ., Қарағанды обл.) республикалық меншіктегі жекешелендіру объектілерін сату бойынша электрондық аукциондарды пилоттық режимде өткізу | - | - | x | x | x |

»;

«6. Тәуекелдерді басқару» деген бөлімде:

«Сыртқы тәуекелдер» деген кіші бөлімде:

мына:

«

| | | |
|---|---|---|
| Салалық мемлекеттік органдарда «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған мемлекеттік мүлік объектілерін автоматтандырылған есепке алудың, мемлекеттік мүлік тізіліміне ұсынылатын мәліметтердің болмауы | Мемлекеттік мүлік тізілімінде есепке алудың жеке объектілері бойынша ақпараттың болмауы | Мемлекеттік мүлік тізілімін құру шеңберінде салалық ақпараттық жүйелердің өзара іс-қимылы бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін ведомствоаралық Жұмыс тобын құру |

»

деген жол алынып тасталсын;

мына:

«

| | | |
|---|---|---|
| Кеден ісі мәселелері бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен ведомствоаралық іс-қимыл деңгейінің төмен болуы | Қылмыстық өндірістер сапасының төмендігі | Кеден ісі мәселелері бойынша құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдармен ведомствоаралық іс-қимылды және ақпараттық алмасуды арттыру |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| Кедендік ісі саласында құқық бұзушылықпен күрес желісі бойынша басқа құқық қорғау органдармен өзара іс-қимыл жасаудың қажетті деңгейіне қол жеткізбеу | Кеден ісі саласында құқық бұзушылықпен күрес желісі бойынша кеден органдары өткізетін іс-шаралар сапасының төмендеуі | Жедел сипаттағы деректер алмасу бойынша құқық қорғау органдарының бірыңғай ақпараттық порталын құру бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасымен бірыңғай позицияны әзірлеу |

»;

мына:

«

| | | |
|---|---|---|
| Ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарды және Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) бағалау әдістемесін қабылдау | Қазақстан Республикасының ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарына және ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) бағалау әдістемесіне сәйкестігі позициясының және Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі еуразиялық топтың бағалаушылары позициясының төмендеуі | Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі еуразиялық топпен өзара іс-қимыл және заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы объективті деректерді ұсыну |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| Ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарды және Ақшаны | Қазақстан Республикасының ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарына және ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) | Мүдделі мемлекеттік органдардың Үкіметтік ұйым – Еуразия қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі тобының жалпы отырыстарына, сондай-ақ заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), |

| | | |
|---|---|---|
| жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) бағалау әдістемесін қабылдау | бағалау әдістемесіне сәйкестігі позициясының және Қылмыстық кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі еуразиялық топтың бағалаушылары позициясының төмендеуі | терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында қажет деректерді бере отырып, жұмыс топтарының отырыстарына қатысуын қамтамасыз ету |

»;

мына:

«

| | | |
|---|---|---|
| Тау-кен өндіру саласындағы өнімге ( феррахром, алюминий, мырыш, мыс және т.б.) әлемдік бағаның құлдырауы , сондай-ақ «0» ставка бойынша ҚҚС автоқайтарулар | РБ жоспарының орындалмауы | Салық қызметі органдарының құзыретіне жататын республикалық және жергілікті бюджеттердің кірістері бойынша болжамның орындалуын қамтамасыз ету |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| Тау-кен өндіру саласындағы өнімге ( феррахром, алюминий, мырыш, мыс және т.б.) әлемдік бағаның құлдырауы, сондай-ақ «0» ставка бойынша ҚҚС автоқайтарулар | РБ жоспарының орындалмауы | Салықтық әкімшілендіруді жетілдіру |

»;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| Әлеуетті өнім берушінің «Электрондық шот-фактураларды қабылдау мен өңдеу бойынша ақпараттық жүйе құру» жобасын іске асыру мерзімін бұзуы | «Электрондық шот-фактураларды қабылдау мен өңдеу бойынша ақпараттық жүйе құру» жобасын іске асыру мерзімінің бұзылуы | Шартта көзделген талаптардың сақталуын мониторингілеу |

»;

«Ішкі тәуекелдер» деген кіші бөлімде:

мына:

«

| | | |
|---|---|---|
| Ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл бойынша тиісті мемлекеттік органдардың (БП, ҰҚК, ЭҚСКА, ІІМ, ЖС, ҰБ, СДШІА, ЭДСМ, Әділетмині, ККМ) халықаралық стандарттарды іске асырмауы | Ақшаны жылыстатумен күресуге арналған қаржылық шараларды шығару тобының халықаралық стандарттарының сәйкестік көрсеткіштері бойынша рейтингісінде позициялардың төмендеуі (ФАТФ) | Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы және институционалдық шараларды жетілдіру бойынша мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылы |

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| Ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл жөніндегі халықаралық стандарттарды тиісті мемлекеттік органдардың (БП, ҰҚК, ЭҚСКА, ІІМ, ЖС, ҰБ, СДШІА, ЭБЖМ, Әділетмині, ККМ) іске асырмауы | Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) халықаралық стандарттарына сәйкестік көрсеткіштері бойынша рейтингтегі позициялардың төмендеуі | Қолданыстағы заңдарға және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып жою қаруын таратуға қарсы іс-қимыл жөніндегі негізгі және базалық халықаралық стандарттардың іске асырылуын қамтамасыз ету |

»;

«7. Бюджеттік бағдарламалар» деген бөлімде:

«Мемлекеттік бюджеттің атқарылуын және оның атқарылуын бақылауды қамтамасыз ету» деген 001 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі орталық аппаратының, комитеттерінің және олардың аумақтық органдарының штат санын ұстау» деген жолдағы «20 159» деген сандар «18 397» деген сандармен ауыстырылсын;

«Әлеуметтік, сараптамалық зерттеулер жүргізу және консалтинг қызметтерін көрсетудің болжамды саны» деген жолдағы «1» деген сан алынып тасталсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «52 122 784» деген сандар «51 327 450» деген сандармен ауыстырылсын;

«Халықаралық қаржы ұйымдарының акцияларын сатып алу» деген 006 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «2 276 632» деген сандар «2 300 391» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің резерві» деген 010 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «58 834 270» деген сандар «53 291 686» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің бюджеттер бойынша қолма-қол ақша тапшылығын жабуға арналған резерві» деген 012 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдері болған кезде қолма-қол ақша тапшылығын жабуға төмен тұрған бюджеттерге кредиттер беру» деген жолдағы «100» деген сандар алынып тасталсын;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Төменде тұрған бюджеттер бойынша қолма-қол ақша тапшылығын 100 % жабу»

деген жолдағы «100» деген сандар алынып тасталсын;
«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «600 000» деген сандар алынып тасталсын;
«Үкіметтік борышқа қызмет көрсету» деген 013 бюджеттік бағдарламада:
«2013 жыл» деген бағанда:
«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «214 241 318» деген сандар «199 511 631» деген сандармен ауыстырылсын;
«Жеңілдікті тұрғын үй кредиттері бойынша бағамдық айырманы төлеу» деген 019 бюджеттік бағдарламада:
«2013 жыл» деген бағанда:
«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «12 657» деген сандар «12 890» деген сандармен ауыстырылсын;
«Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу» деген 026 бюджеттік бағдарламада:
«2013 жыл» деген бағанда:
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:
«Бақты» кеден бекетінің және «Майқапшағай» бірыңғай бақылау-өткізу пунктінің құрылыстарының аяқталуы» деген жол «2» деген санмен толықтырылсын;
«Кеден бекеттерінің қызметкерлері үшін қызметтік тұрғын үйлер мен жатақханалар салуды аяқтау» деген жол «17» деген санмен толықтырылсын;
түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:
«Кеден бекеттеріндегі жаңа бақылау-өткізу пункттерін пайдалануға енгізу және қолданыстағыларын қайта жаңарту» деген жол «2» деген санмен толықтырылсын;
«Шекара маңындағы аудандарда кеден органдары қызметкерлерін тұрғын үймен қамтамасыз ету» деген жол «17» деген сандармен толықтырылсын;
«бюджет шығыстарының көлемі» «0» деген жол «1 307 107» деген сандармен толықтырылсын;
«Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесін дамыту» деген 033 бюджеттік бағдарламада:
тақырыбындағы «дамыту» деген сөз «жаңғырту» деген сөзбен ауыстырылсын;
«2013 жыл» деген бағанда:
түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:
«Электрондық мемлекеттік сатып алу» автоматтандырылған интеграцияланған ақпараттық жүйесінің бағдарламалық-аппараттық кешенін жете жарақтандыру» деген жол алынып тасталсын;
мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:
«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жүйеде 24 000 клиентке дейін бір мезгілде жұмыс істеудің шарықтау шегіндегі жүктемеде Жүйенің 5 секунд уақытта дыбыс беруін қамтамасыз ету | % | | | | | 100 | | |
| Көлемі 115 Tb кем емес мемлекеттік сатып алуды өткізу туралы мұрағаттық ақпаратты сақтаудың техникалық мүмкіндігін қамтамасыз ету | % | | | | | 100 | | |

»;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «1 824 679» деген сандар «1 805 805» деген сандармен ауыстырылсын;

«Дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру)» шеңберінде сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау» деген 038 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Субсидияланатын кредиттердің саны» деген жолдағы «30» деген сан алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасына (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) қатысушылардың саны | бірлік | | | | | 30 | | |

»;

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Субсидияландырылған кредиттер саны» деген жолдағы «30» деген сан алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Қарыздар (кредиттер) және/немесе лизингтік операциялар бойынша пайыздық мөлшерлемені, Қазақстан қор биржасында орналастырылған облигациялар бойынша купонды субсидиялау қамтамасыз етілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасына (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) қатысушылардың саны | бірлік | | | | | 30 | | |

»;

«Салық органдарының ақпаратты қабылдау және өңдеу орталықтарын құру» деген 040 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «160 300» деген сандар «144 001» деген сандармен ауыстырылсын;

«Жай вексельдерді өтеу» деген 044 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «5 222 469» деген сандар «5 047 313» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасының «ЕврАзЭҚ Дағдарысқа қарсы қорына» бастапқы жарнасын төлеу» деген 045 бюджеттік бағдарламада:
«2013 жыл» деген бағанда:
«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «60 000 000» деген сандар «30 032 409» деген сандармен ауыстырылсын;
«Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру)» қатысушыларының сауықтыру жоспарларын іске асыру мониторингі» деген 046 бюджеттік бағдарламада:
«2013 жыл» деген бағанда:
«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «217 962» деген сандар «106 757» деген сандармен ауыстырылсын;
«е-Қаржымині» интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесін жасау» деген 061 бюджеттік бағдарламада:
«2013 жыл» деген бағанда:
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 27-ші сәуірдегі № 221 бұйрығымен бекітілген функциялардың жалпы көлемінен Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің автоматтандырылған функцияларының (бизнесс-процестер) үлесі» деген жолдағы «50» деген сандар «60» деген сандармен ауыстырылсын;
түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:
«е-Қаржымині» кіші жүйелерінің жұмысымен қанағаттанған тіркелген тұтынушылардың үлесі» деген жолдағы «17» деген сандар «25» деген сандармен ауыстырылсын;
«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «1 000 000» деген сандар «1 447 829» деген сандармен ауыстырылсын;
«Кеден органдарының ақпараттық жүйелерін құру, енгізу және дамыту» деген 063 бюджеттік бағдарламасында:
«2013 жыл» деген бағанда:
тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:
«Пилотты мемлекеттік органдар үшін «Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе» интеграциялық ақпараттық жүйесін құру» деген жолдағы «1» деген сан алынып тасталсын;
«Телекоммуникациялық және ақпараттық-техникалық жабдықтарды иемдену» деген жолдағы «2» деген сан алынып тасталсын;
«Лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз ету» деген жолдағы «1» деген сан алынып тасталсын;
түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:
«Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезесі» интеграциялық ақпараттық жүйесін пилоттық пайдалануға беру» деген жолдағы «1» деген сан алынып

тасталсын;

«Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бірыңғай терезе» интеграциялық ақпараттық жүйесін мемлекеттік органдарға кезең-кезеңмен енгізу» деген жолдағы «3» деген сан алынып тасталсын;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «2 576 297» деген сандар алынып тасталсын;

«Электрондық шот-фактуралар» ақпараттық жүйесін құру» деген 064 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінде:

«Пилоттық аймаққа тартылған бизнес субъектілері мен салық органдары арасында құжат айналымының шығыстарын төмендету» деген жол алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының құрамына кіретін компанияларды пилоттық аймақтың ЭШФ АЖ қосу | бірлік | | | | | 5 | | |

»;

«тиімділік көрсеткіштері» деген жол:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Пилоттық аймаққа тартылған бизнес субъектілері мен салық органдары арасындағы құжат айналымының шығыстарын азайту | % | | | | | 100 | | |

»;

«Байқоңыр» кешенінің жалға алынған мүлігін есепке алу» деген 070 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «22 015» деген сандар «24 609» деген сандармен ауыстырылсын;

«Салық әкімшілігін жүргізуді реформалау» деген 072 бюджеттік бағдарламада:

«2013 жыл» деген бағанда:

тікелей нәтиже көрсеткіштерінде:

«Халықаралық тәжірибені зерделеу (оқыту турлары, танысу сапарлары, семинарлар)» деген жолдағы «40» деген сандар алынып тасталсын;

«Негізгі қаражатқа қатысты тауарларды сатып алу (арнайы жабдықтау)» деген жолдағы «1 653» деген сандар алынып тасталсын;

«Қолданылатын ақпараттық жүйелерді жаңарту үшін материалдық емес активтерді сатып алу» деген жолдағы «571» деген сандар алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Консалтингтік қызмет көрсетулер кезеңдерінің аяқталуы бойынша берілген салықтық әкімшілік етуді жетілдіру бойынша талдау, бағалау, ұсынымдар (техникалық есептер) | есеп | | | | | 8 | | |
| Консалтингтік қызмет көрсетулерді сатып алу (жаңа келісімшартар жасасу) | Келісім шарт | | | | | 10 | | |

»;

«бюджет шығыстарының көлемі» деген жолдағы «1 829 961» деген сандар «1 084 078» деген сандармен ауыстырылсын;

«Бюджет шығыстарының жиынтығы» деген кестеде:

«2013 жыл» деген бағандағы «1 309 149 656», «1 295 022 413», «14 127 243» деген сандар тиісінше «1 255 652 268», «1 242 357 800», «13 294 468» деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК